

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1.1 қыркүйек-Білім күні құтты болсын!

Мектебімізде 1 қыркүйек –Білім күніне орай “Мектебім-мейірім мекені”тақырыбында салтанатты жиын өзөткізілді.

Салтанатты іс шараға ардагер Шал ақын ауданының білім бөлімінің басшысы-Бұлбұл Ахмадиқызы мен аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі,сатирик-ақын, Қазақстан журналистер одағының мүшесі -Шаниев Қойшыбай Жанабайұлы қатысып, білім күнімен мектеп ұжымын, оқушыларды құттықтады.

1 сынып оқушылары өздерінің тілектері мен құтықтауларын өлең жолдарымен жеткізе білді.

Алғашқы қоңырау соғу салтанаты әр бүлдіршіннің кішкене күміс қоңырауымен жалғасын тапты.

Сілтеме:

<https://www.facebook.com/100014658811193/videos/1878428492644786/>



2. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру жобасы бойынша білім алушылардың ұлттық құндылықтарын дамыту мақсатында "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" КММ-нің оқушылары алғашқы оқу аптасын Мемлекеттік Әнұран айтумен бастады.

Мектеп директоры Уайсова Асыл Каримовна оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Сілтеме:

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1884439832054626&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=59uT8ip1AJ1VMY5p




3. "ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ"

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыстарды іске асыру мақсатында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында үзіліс кезінде білімалушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін мектеп парламентінің "Спорт және салауатты өмір" фракциясының жетекшісі Баязит Надир бастауыш сынып оқушыларымен ұлттық ойындар өткізілді.


Сілтеме:

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1886399885191954&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=07Gxsg4ojQdPSCms



4. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында, құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамту барысында, мектебімізде күнделікті қоңырау орнына күй күмбірі іске асырылды.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1886557598509516&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=RshWGJQ6y3iejufj



5. "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" КММ-де «Тоғыз айға 9 ісшара» жобасы аясында «Физикалық минут» «Сергіту сәті» челленджі өткізілді.

Челенджге 5-6 сынып оқушылары қатысты.

Сілтемесі: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1892039347961341&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=jh25L6u4t6CDnYvk



6. 3 қазан күні мектебімізде Ұстаздар күніне арналған "Дублер күні", оқушылардың өзін өзі басқару күні өтеді

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1902979293534013&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=U2QDKw4wVoffsxkf



7. КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС

26 қыркүйек Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп парламенті қоңырау уақытында оқушылармен "Көңілді үзіліс" өткізді

Сілтемесі:

<https://www.facebook.com/100014658811193/videos/3757451544479646>



8. "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" КММ-сі Дублер күніне дайындықты бастады.

Мектебіміздің аға тәлімгері М. Е. Кабиденовтың ұйымдастыруымен ұстаздар күніне арналған "Дублер күніне" дайындық жүргізу мақсатында өзін-өзі басқару ұйымының жиналысы өткізілді.

Жиналыс барысында Дублер күніне дайындық, ұстаздар мен мектеп әкімшілігінің міндеттерін атқару туралы талқылау жүргізілді.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. С. Абильдина және мектеп тәлімгері Дублер күнін өткізу туралы ережелерімен таныстырды.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/photo/?fbid=1904182856746990&set=pcb.1904158810082728>



9. 1-қазан – Халықаралық «Қарттар күніне» орай, мектеп әкімшілігі, "Мектеп парламенті" ұйым мүшелері зейнет жасындағы ардагер ұстаздарымызбен мектеп оқушыларының ата-әжелерін "Қарттар күнімен" құттықтап шықты.

— Құрметті ата -әжелер,сіздерді 1-қазан Халықаралық қарттар күні меркесімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздер кейінгі ұрпақты ізгілік пен мейірбандылыққа, Отанымызға адал қызмет етуге, айналадағы адамдардың өмірге, қоғамға деген оң көзқарасын қалыптастыруға үйретіп келесіздер.

Сіздерді тағы да төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақыт, берекелі де ұзақ ғұмыр тілейміз!

Сілтеме:https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1908666692965273&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=6zNA3GelndYgdtv0



10. К. Салықов атындағы орта мектеп оқушылары "Дублер күніне" жиналыс өткізді.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1910307299467879&id=100014658811193&mibextid=WC7EMe&rdid=K0cNgwbw13QU6ZST



11. «Дублер күні» – бұл ерекше күн, мұғалімдер мен оқушылардың рөлдерін ауыстыратын қызықты іс-шара. Оқушылар мұғалімдердің міндеттерін атқарып, сабақ жүргізсе, мұғалімдер оқушылардың орнында отырып, сабаққа қатысады. Бұл шара білім беру үдерісінің әр қырын түсінуге және мұғалімдерге деген құрметті арттыруға көмектеседі.

5-қазан Ұстаздар күніне орай мектебімізде Дублер күні 3 қазанда өткізілді. Мектебіміздің 11 сынып оқушылары түрлі пәндерден сабақ жүргізуге белсенді қатысты. Оқушылар мұғалімдік міндеттерін орындап, тақырыптарды түсіндіре сабақтарын қызықты өткізуге тырысты. Бұл күн оқушылардың ұстаздар жұмысына деген көзқарасын өзгертіп, олардың педагогикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1911878329310776&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=NI60sSUANWzuDnjs



12. Өзгеріс уақыты келді, әркім көшбасшы бола алады! Мектебімізге жаңа дәуір келеді - жаңа президентпен! Мектептің болашағына әсер ету мүмкіндігін жіберіп алмаңыз!

19 қазанда бәріміз жиналып, мектеп президенті лауазымына ең лайықты үміткерге дауысымызды береміз. Бірақ бұл қиын шешім, өйткені кандидаттарымыздың барлығы көшбасшы атағына лайық.

-Үміткер №1 Нургалиева Дина, 10«ә» сынып оқушысы

-Үміткер №2 Аманжолова Назерке, 10«а» сынып оқушысы

-Үміткер №3 Бүкеш Әділбек, 9«а» сынып оқушысы

-Үміткер №4 Есқақ Аяулым, 9«а» сынып оқушысы

-Үміткер №5 Кажағали Әділ, 10«ә» сынып оқушысы

Сілтеме: <https://www.facebook.com/photo?fbid=1913887162443226&set=pcb.1913887692443173>



13. Мектеп оқушылары үзіліс кезінде түрлі ұлттық, спорттық ойындар ойнайды.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/photo/?fbid=1920277878470821&set=a.365848280580463>



14. 11.10.2024 жылы мектебімізде 7-8 сынып оқушылар арасында мектепшілік «Арайлы алтын күз сайысы» өтті. Мақсаты — оқушыларды белсенділікке тарту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және мектеп ұжымында достық қарым-қатынас орнату. Бұл іс-шара арқылы балалардың эстетикалық тәрбиесіне көңіл бөлініп, олардың өнерге деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар, күзгі бал — ұжымдық мәдени шара, онда оқушылардың ұйымшылдық, жауапкершілік және өзін-өзі көрсету қабілеттері дамытылады. Оқушыларға маусымдық мерекенің маңыздылығын

көрсету, күздің әсемдігін атап өту және мектеп өміріне мерекелік көңіл-күй енгізу.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1920816651750277&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=2NBODOKk9gkGbr6



15. Экология және еңбек фракциясының басшысы, Бүкеш Әділбек, мектеп президентіне үміткері 17 Қазан "Мектеп үздіктері" атты іс-шара ұйымдастырды.

«Мектеп үздіктері» байқауының «Ең ақылды», «Ең өнерлі», және «Ең шешен» категорияларын біртұтас тәрбие бағдарламасына негіздеу арқылы оқушыларды жан-жақты дамытатын және олардың болашақ өмірінде қажетті дағдыларды қалыптастыратын іс-шара өтті.

"Ең ақылды" номинациясы бойынша 1 орын иегері- 9"а" сынып оқушысы Мұхамедиярова Ақмаржан

"Ең өнерлі" номинациясы бойынша 1 орын иегері- 10"а" сынып оқушылары

"Ең шешен" номинациясы бойынша 1 орын иегері- 9"ә" сынып оқушысы Дулат Мадияр

Сілтеме: <https://www.facebook.com/photo/?fbid=1921445138354095&set=a.365848280580463>



16. 19 қазан күні "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" КММ оқушылары Республика бойынша өтіп жатқан мектеп президентін сайлауына қатысып, өз дауыстарын берді.

Сайлау қортындысы дүйсенбі күні жарияланады.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1922277771604165&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=qHEUfNoJJYYZoKto



17. МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАНДЫ!

19 қазан жоспарға сай мектеп парламенті президентін сайлау өткізілді.

Сайлауға қатысқан үміткерлер:

- 1)Есқақ Аяулым 9 “А” сынып оқушысы
- 2)Нургалиева Дина 10 “Ә” сынып оқушысы
- 3)Қажағали Әділ 10”Ә” сынып оқушысы
- 4)Аманжолова Назерке 10 “А” сынып оқушысы
- 5)Бүкеш Әділбек 9 “а” сынып оқушысы

Сайлауға мектеп оқушылары қатысып, өз дауыстарын берді. Сайлау қортындысы бойынша 9 “А” сынып оқушысы Бүкеш Әділбек жеңіске жетті. Жеңісімен құттықтай отырып, алдағы уақытта мектептің оқу—тәрбие процесінің жандануы үшін аянбай жұмыс жасайды деп сенеміз!

Сілтеме:https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1923893714775904&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=A8iYyIjxetEbdupE



18. Қазақстан Республикасы күніне арналған шахмат ойыны.

«Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасы күніне арналған шахмат ойыны бойынша жарыстар өтті!!!

Ойынның мақсаты: Шахмат — ақыл-ой өрісті дамытатын үстел спорт ойыны.

Шахмат екі ойыншы арасында шахмат тақтасында ойналады. Ойын тақтасы 64 шаршыдан тұрады.

Ойынның басында әрбір ойыншының иелігінде ақ немесе қара түсті он алты тас (шахмат фигурасы) болады: бір патша, бір уәзір, екі піл, екі ат, екі турка және сегіз сарбаз.

Ойынның мақсаты — қарсыластың тастарына шабуылдай отырып, патшаға мат қою.

Шахматты ойыншылар тобы да, бір-біріне немесе бір ойыншыға қарсы ойнай алады; мұндай ойындар әдетте кеңес беру деп аталады.

Осы жарысқа мектеп мұғалімдері де қатысты

Сілтеме: <https://www.facebook.com/photo/?fbid=1924008321431110&set=pcb.1924008414764434>



19. Бүгін мектебімізде Республика күніне орай 2-5 сынып оқушыларын "Жас ұлан" мен "Жас қыран" балалар ұйымының қатарына қабылдау рәсімі өтті.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1925255347973074&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=HesuNCVhQoV5WVPr



20. МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ

"Қ.Салықов атындағы орта мектеп" КММ де Мектеп Парламентінің кезекті отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. парламент жұмыс
2. жоспарын талқылау;
3. парламент министрлерімен таныстыру;

Екінші оқу тоқсанының жұмыс жоспарына тоқталу.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/photo/?fbid=1934816687016940&set=a.365848280580463>



21. "Ұлттық ойын-ұлт қазынасы" жобасы аясында "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" оқушылары үзіліс кезінде күн сайын ұлттық ойындар ойнауда.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/photo/?fbid=1935976646900944&set=a.365848280580463>



22. "Құқықтық білім-тұлға қалыптастырудың негізі" тақырыбында оқушыларға заң ,білім саласынан мағлұмат беру өз құқықтарын жете білуге өзбеттерімен салыстыра білуге өмірде қолдана білугеүйрету.Адамгершілік ,адалдық,әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналылығы мен таным белсенділіктерін арттыру.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1936642963500979&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=T4nmYA vWK59xfCIV



23. 15- қараша Ұлттық Валюта күніне орай К. Салықов атындағы орта мектеп парламенті мүшелері "Ақпарат және баспа" фракциясы мен "Құқық және тәртіп" фракциясы бірігіп мектеп ұстаздары және оқушылары арасында "Ұлттық валюта- теңге" атты сауалнама жүргізді. Сауалнама мақсаты: Төл валютамыздың алғаш пайда болу, өзгеру, және түрленуі тарихын меңгеру. Ұлттық құндылығымыз "Теңгенің" тәуелсіз еліміздің экономикалық дербестігі мен ұлттық егемендіктің белгісі ретінде маңыздылығын түсіну.

Сілтеме:https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1943922752773000&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=p3AUkX5s0bBL0wqj



24. К.Салықов атындағы орта мектептің "Ақпарат және баспа" фракциясының мүшелері қазақтың ұлттық киімдерін қайта жаңғырту мақсатында «Ұлттық киім трендте» атты көңілді үзіліс ұйымдастырды. Мектеп оқушылары ұлттық нақыштағы киімдер киіп, ұлттық киімнің жаңа заман талабына сай екендігіне көздерін жеткізіп, үзілісті көңілді өткізді.

Сілтеме:https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1947106792454596&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=TF0lx0pvGJkzKtMQ



25. «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп"КММ-нің 11 сынып оқушылары «Біз қарсымыз!...» атты жастар форумына қатысты.

Мектеп оқушылары буллинг тақырыбы бойынша фильм мен "Достық алақаны" атты қойылым көрсетіп,


интерактивті бөлімде өзара көмек пен қолдаудың маңыздылығын көрсететін «Сен жалғыз емессің» тақырыбында плакаттар мен ұрандар жасады.«Біз өмір үшін! Біз достық үшін! Сен жалғыз емессің!» атты позитивті флешмобқа белсенді қатысып, көңілдерін көтерді.

Сілтеме:https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1956956168136325&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=xobr0SMWalSyP7id



26. "Мәдениет және өнер" фракциясы мен "Ақпарат және баспа" фракциясы мүшелері бірігіп оқушылар арасында "Көңілді үзіліс" өткізді. Көңілді үзіліс мақсаты: оқушылардың өзара қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру. Ұстаздармен оқушылар арасында байланысты, құрметті нығайту. Үзіліс бойды сергітіп, көңіл күйді көтеру үшін өте пайдалы.

Сілтеме:https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1957065814792027&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=014XAxmEwMm2PWC



27. Мектебімізде 6 - желтоқсан "Дебат қозғалысы" фракциясының басшысы мен өзге де Мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен "Choso Day" атты көңілді іс-шара өтті.

«Choso Day» күнінің мақсаты – мектеп мүшелері, ұстаздары мен оқушылары арасындағы жылы қарым- қатынасты, байланысты арттыруға ықпал ету, көңіл көтеру. Тәттілермен қуаныш сыйлап, жылы лебіздер жеткізу.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1957672758064666&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=xrK8sCluFyji1klg




28. Кітап – білім кілті!

Құрметті оқушылар мен ата-аналар!

Кітап оқу – адамның ой-өрісін кеңейтіп, қиялын дамытатын баға жетпес қазына. Оқу арқылы біз жаңа әлемдерге саяхаттап, жаңа білім мен дағдыларды меңгереміз.

Кітаппен дос болайық – болашағымызды бірге құрайық!

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1959530727878869&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=Hfi0wVxiPFoHnHQ



29. 12- желтоқсан "Өзін-өзі тану және бақыт" фракциясы және "Қамқорлық" фракциясы басшылары бірігіп мектебімізде "Шапағатпен толтырайық" атты көңілді үзіліс өткізді.

Бұл ерекше шараның басты идеясы – әрбір оқушының жүрек жылуын ортақ картинаға қосу арқылы мейірімділік пен бірлік сезімін бейнелеу.

"Шапағатпен толтырайық" іс-шарасы мектеп ұжымының жүректерін біріктіріп, достық пен мейірімділіктің үлгісін көрсетті.

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1960231751142100&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=sVPW8bkdZIR51MgK



30. «Мектеп Парламенті жиналысы»

Бүгін мектебімізде "Мектеп Парламентінің" кезекті жиналысы өтті.

Жиналыс барысында оқушылар мектеп президентімен бірге өз идеяларын ортаға салып, алдағы жобаларды талқылап, мектеп өмірін жақсарту жолдарын қарастырды. Әр фракцияның көшбасшылары 2-ші тоқсанда өткізген іс- шараларымен таныстырып, алдағы уақытқа жоспар құрып, ортақ шешімдер қабылдады. Біздің оқушылар – жауапкершілігі мол, белсенді жастар! Келесі қадамымыз – жоспарларды жүзеге асырып, жаңа жетістіктерге жету. Бірге болашаққа сенімді қадам жасайық!

Сілтеме: <https://www.facebook.com/photo/?fbid=1960328767799065&set=a.365848280580463>



31. "Экология және еңбек" фракциясының басшысының мектеп формасын сақтаудың маңыздылығы, мектепке қалай киіну қажет екендігі жайлы кеңесі.

Сондай-ақ, экологиялық таза әрі тиімді киім үлгілерін қолдану туралы пайдалы кеңестері.

Мектеп формасын сақтау – тәртіп пен мәдениет негізі!

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1970349486796993&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=KCQQA1ZnhdevajzL



32. Жаңа жыл – бұл жаңа бастамалардың, жарқын үміттер мен бақытты сәттердің уақыты.

Мектебімізде 26 желтоқсан күні 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен даярлық тобы және 1, 2 сыныптар арасында жаңа жылдық іс-шара өте көңілді және әсерлі өтті. Балалар ойын ойнап, өнерлерін көрсетті. Аяз атаға жаттаған тақпақтарын айтып, сыйлықтарына ие болды. Әрбір баланың жүзі қуаныш пен бақытқа толды.

Баршаңызға жаңа жыл құтты болсын! Әрбір күн жарқын сәттерге, жылы кездесулерге және үлкен жетістіктерге толы болсын. Жаңа бастамаларға шабыт, ал отбасыларңызға береке мен татулық тілейміз!

Сілтеме: https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1971636356668306&id=100014658811193&mibextid=WC7FNe&rdid=rJi8ljLaj3Xqd0OB

